

Жаңаөзен қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2023 жылғы 19 қазандағы № 8/68 шешімі

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24212 болып тіркелген) сәйкес, Жаңаөзен қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Жаңаөзен қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңаөзен қалалық мәслихатының төрағасы

Г. Байжанов

Жаңаөзен қалалық мәслихатының
2023 жылғы 19 қазандағы
№ 8/68 шешіміне қосымша

Жаңаөзен қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жинақталған орташа жылдық нормасы, м3
1.1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	2,85
1.2	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,45
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,8
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	2,904
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,67
	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер,		

5	банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,42
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,55
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	2,64
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,45
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,37
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,67
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,335
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,51
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,22
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2	1,13
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м2	-
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,86
17	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,421
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,37
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,9
20	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м2	-
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,62
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,67

23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,89
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	0,335
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,47
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,84
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,37
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,335
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,714
30	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	-
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-

Ескертпеде: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЖС – автожанармай құю станциялары;

м2 – шаршы метр;

м3 – текше метр.